

"Атырау облысы Махамбет ауданындағы су объектілерінде рекреациялық балық аулау аймақтарын белгілеу туралы" Махамбет аудандық әкімдігінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 51 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Атырау облысы Махамбет аудандық әкімдігінің 2020 жылғы 29 қыркүйектегі № 214 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 13 қазанда № 4757 болып тіркелді. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 4 тамыздағы № 183 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Атырау облысы Махамбет ауданы әкімдігінің 04.08.2023 № 183 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31, 37 баптарына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 26 бабына сәйкес Махамбет аудандық әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Атырау облысы Махамбет ауданындағы су объектілерінде рекреациялық балық аулау аймақтарын белгілеу туралы" Махамбет аудандық әкімдігінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 51 (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4075 болып тіркелген, 2018 жылғы 27 наурызда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) қаулысына өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының қосымшасындағы 1 тармағының 9) тармақшасы алынып тасталсын;

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары З.Ж. Мұқашқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2020 жылдың 28 қаңтарынан бастап туындаған құқықтық қатынастарға таратылады.

Махамбет ауданының әкімі

Ж. Ахметов